



ҚАЗАҚ ГУМАНИТАРЛЫҚ  
ЗАҢ УНИВЕРСИТЕТІ

**ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТ**

КАЗАХСКИЙ ГУМАНИТАРНО-ЮРИДИЧЕСКИЙ  
УНИВЕРСИТЕТ

**ПРАВО И ГОСУДАРСТВО**

## МАЗМУНЫ-СОДЕРЖАНИЕ

### “Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы” Заң жобасының материалдары Материалы проекта Закона «О государственном языке Республики Казахстан»

	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы» ҚР Заңы (жоба) .....	5
	Закон РК «О государственном языке Республики Казахстан» (проект) .....	12
	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы» заңының жобасына анықтама .....	19
	Пояснительная записка к проекту закона РК «О государственном языке Республики Казахстан» .....	24
<i>Нарикбаев М.С.</i>	Мемлекеттік тіл туралы жаңа заңның қабылдану қажеттілігінде күмән жоқ .....	29
<i>Баймаханов М.Т.</i>	Государственный язык и правовое регулирование его статуса .....	34
<i>Бақир А.К.,</i> <i>Әбуұлы Ж.А.</i> <i>Айталы А.А.</i>	Заң мұраты – орындату .....	48
	«Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі туралы» заң жобасы: қажеттілігі мен басымдылықтары .....	56
<b>Мемлекет және құқық теориясы мен тарихының өзекті мәселелері Проблемы теории и истории государства и права</b>		
<i>Кишкембаев А.Б.</i>	Некоторые аспекты возникновения и развития института правового иммунитета .....	63
<i>Сактаганова Г.С.</i>	Понятие и содержание функций юридической ответственности .....	74
<b>Конституциялық құқық және мемлекеттік басқару Конституционное право и государственное управление</b>		
<i>Жумагулов М.И.</i>	Перспективы развития административно-процессуального законодательства в рамках административной реформы, проводимой в Республике Казахстан .....	80
<i>Бекбаев Е.З.</i>	Некоторые вопросы совершенствования законодательства о выборах .....	87
<i>Жусупов А.Д.</i>	Правовое регулирование государственного кредита .....	92
<i>Сергазинов Б.Р.</i>	Процессуальные аспекты принятия решений органом конституционного контроля .....	97
<i>Капсалямова С.С.</i>	Правовая характеристика и сфера государственного финансового контроля .....	103
<i>Нұрышева Т.С.</i>	Конституциялық-құқықтық жауаптылықтың теориялық және тәжірибелік мәселелері .....	108
<i>Абдрахманов Б.Е.</i>	Теоретический анализ и синтез источников, определяющих предмет нового научного направления в Республике Казахстан - административной деликтологии .....	115
<b>Халықаралық құқық Международное право</b>		
<i>Сарсембаев М.А.,</i> <i>Сарсембаев К.М.,</i> <i>Сарсембаев Д.М.</i> <i>Айтказинов Е.Б.</i>	Теоретические проблемы соотношения ратифицированных договоров и договорных актов по вопросам инвестиций и недропользования .....	123
	Разграничение экстрадиции и смежных процедур передачи лиц, применяемых в практике международной борьбы с преступностью .....	134
<b>Нарықтық қатынастарды реттеудегі құқықтың ролі Роль права в регулировании современных рыночных отношений</b>		
<i>Хасенов С.Б.</i>	Зейнетақы заңдарын жетілдіру жолдары .....	140
<i>Даутбаева-Мухтарова А.Е.</i>	Нарушение «права на рождение» .....	146
<i>Мухамедова Н.Ф.</i>	Договорная свобода вчера и сегодня .....	152
<i>Тастекеев К.К.</i>	Қазақстан Республикасында аралық соттың даму сатылары .....	156
<i>Жуманазаров К.Б.</i>	О совершенствовании регулирования земельных правоотношений .....	167
<i>Елюбаев Ж.С.</i>	Проблемы заключения и исполнения контрактов на недропользование .....	174

**Қылмыстық құқық және криминология**  
**Уголовное право и криминология**

<i>Айтмырзаева Г.Б.</i>	История развития науки уголовного права и Уголовного кодекса КазССР 1959 года .....	181
<i>Мизанбаев А.Е.</i>	Проблема совершенствования правового регулирования механизма реализации уголовной ответственности .....	191
<i>Куаналиева Г.</i>	Некоторые проблемы предупреждения убийств .....	201
<i>Сыдыкова А.Е.</i>	Правовая природа освобождения от уголовной ответственности .....	207
<i>Каженова Г.К.</i>	Криминологические аспекты предупреждения экономической и организованной преступности .....	213
<i>Яндиев Т.Б.</i>	Некоторые вопросы предупреждения преступности в обществе .....	217

**Қылмыстық іс жүргізу және криминалистика**  
**Уголовный процесс и криминалистика**

<i>Финк Д.А.</i>	Заглаживание морального вреда юридическим лицам .....	222
<i>Хашиева Т.М.</i>	Элементы структуры уголовно-процессуального права .....	227
<i>Джакишева А.Г.</i>	Законная сила приговора по уголовному делу и ее действие .....	237
<i>Будулиев Б.Т.</i>	К вопросу о происхождении суда присяжных заседателей .....	242

**Ресей Ғылым Академиясының академигі В.С. Нерсесянтің 70-жылдығын еске алу**  
**К 70-летию и памяти академика РАН В.С. Нерсесянца**

<i>Ударцев С.Ф.</i>	О Владике Сумбатовиче Нерсесянце (из воспоминаний о выдающемся современнике) .....	256
<i>Құттықтаймыз</i>	.....	263
<i>Наши</i>	.....	264
<i>поздравления</i>	.....	264

## Мемлекеттік тіл туралы жаңа заңның қабылдану қажеттілігінде күмән жоқ

**М.С. Нәрікбаев,**  
*ҚазГЗУ президенті,  
з.ғ.д., профессор,  
«Мемлекеттік тіл туралы»  
заң жобасын  
дайындаған топтың  
басшысы,  
«Әділет» демократиялық  
партиясының төрағасы*

Қазақ гуманитарлық заң университетінің профессорлары мемлекеттік тіл туралы балама заң жобасын ұсынып отыр. Мемлекетімізде «Тілдер туралы» Заң бар, басқа заңның не қажеті бар деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, қолданыстағы тілдік заңнамада мемлекеттік тілді меңгерудің нақты қажеттілігі анықталмаған, шынын айтсақ, бүгінгі таңда мемлекеттік тіл бар, оның мәртебесі заң жүзінде, Ата заңымыз - Конституция жүзінде көрсетілген, ал бірақ қазақ тілі сол мемлекеттік тіл деңгейін ала қойды деп айтуға болмайтыны бәрімізге белгілі. Қазір қолданыста жүрген заңда мемлекеттік тілдің қажеттілігін міндеттейтін, қамтамасыз ететін құқықтық механизм көрсетілмеген.

Қазіргі кезде Тіл туралы заңның кейбір баптарын өзгерту керек, Ата заңымыздың 7-бабын өзгерту керек деген әңгімелер көп айтылып жүр. Мүмкін ол болашақтың ісі болар. Ал дәл қазіргі кезде Ата заңымызды, Тіл туралы заңды өзгерту әлі ерте, заңгер ретінде көзіміздің жеткені – ол әзір бола қоятын дүние емес. Сондықтан бұл іске басқа жағынан келген дұрыс болар деп ойладық. Мұндай мүмкіндікті Конституциямыздың 93-бабынан таптық. Мемлекеттік тіл туралы заңның жобасын дайындауға негіз болған, себеп болған - Ата Заңымыздың 93-бабы. Онда былай делінген: «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілетті және атқарушы органдар арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеру үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті». Осы жердегі «арнаулы заңға сәйкес» сөз тіркесі осы бапта көрсетілген талаптарды жүзеге асыруға мүмкіндік ашады деген шешімге келдік. Осы бапқа қарасақ, негізінен, Тіл туралы заң бір бөлек, ал Мемлекеттік тіл туралы жеке заң қабылдануының қажеттілігі бар сияқты.





Екіншіден, мемлекеттік тілді меңгеруге деген сұранысты іс қағаздарын мемлекеттік тілге аудару шектеп отыр. Заңдарымыздың 99,99 пайызы тек қана орыс тілінде жазылып, қазақ тілге аударылып қолданылады. Барлық мемлекеттік ұйымдар, барлық оқу орындары жұмыс қағазын орыс тілінде жазып, аударма жасау түрінде жүргізіп отыр, яғни бүгінгі таңда мемлекеттік тіл аударма тіл есебінде қолданылып жүрген жағдайы бар. Сондықтан еліміздің үш азаматының екеуі өз елінің мемлекеттік тілін білмейтініне таң қалуға болмайды.

Үшіншіден, қазақ халқы жалпы санының өсуіне қарамастан, қазақ тілін ана тілі ретінде меңгерген қазақтар санының көбеймей отыруы тілдік дағдарыстың жалғасып келе жатқанын білдіреді. Осы тілдің иесі қазақтардың саны 30 пайыз болған болсақ, бүгін 70 пайызбыз, яғни қазақтың саны көбейгенмен, мемлекеттік тілді, өзінің ұлттық тілін, ана тілді білгендердің саны көбеймей отыр, яғни ара қашықтық ұлғайып бара жатыр деген сөз. Білмейтіндер саны азаюдың орнына, көбейіп отыр. Қазақ тілі, мемлекеттік сол тілдің иесі қазақтың өзіне де қажеттілігі бүгін аса шамалы болып отыр. Оның себептері көп.

Төртіншіден, қазақ тілі жаһандану заманында орыс, ағылшын тілдерімен бәсекелестікке түсті. Осыған байланысты біздің елде, әлемнің басқа елдеріндегідей, тілді қолдану мен дамыту үшін тілді қорғау тетіктерін енгізу қажеттігі туып отыр. Біздің қоғамымызда кейде ағылшын тілі қажет емес, алдымен осы мемлекеттік тілді игеріп алайық, одан кейін ғана үшінші тіл туралы айтуға болады, орыс тілінің мәртебесін түсіріп алмайық деген әңгімелер айтылады. Бұл да – жақсы ниет болар. Ал бірақ бүгін біз жаһандану дәуірінің ішінде жүрміз, сондықтан да ағылшын тілін білу қажет. Біз басқа қоғамнан, басқа мемлекеттен шет қалып қоймайық десек, ертең экономикамыз бар, басқа саламыз бар, өсіп-өркендейік десек, ағылшын тілін үйрену қажет. Сондықтан қазақ тілі осы екі тілмен, орыс және ағылшын тілімен, бәсекелестікке түсіп отыр. Біз тарихтың осындай кезеңіне тура келіп отырмыз. Егер біз бүгін мемлекеттік тілді құқықтық деңгейде қорғау тетіктерін жасап алмасақ, бұл бәсекелестікте, әрине, жеңілуге тура келеді. Бұған ешқандай күмән жоқ. Сондықтан мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау қажет деп есептейміз.

Бесіншіден, қазақтардың ұлттық сана-сезімінің және жақын уақыттағы ел тұрғындарының 70 пайызын құрайтын қазақ этносының демографиялық өсуі тілдік заңнамаға жаңа көзқарасты талап етіп отыр. Осы негізгі ұлт – қазақ ұлты мемлекеттік тілге, өзінің ана тіліне басқа сана-сезіммен, басқа көзқараспен қарау кезеңі келіп отырған сияқты. Өзіміз осы ана тілімізді ту етіп, алдымызға қойған бір мақсат етіп, тіпті қажет десеңіз, менің ойымша, бүгінгі біздің ұлтымыздың ұлттық идеологиясы есебінде жоғары көтермесек, бұл мәселені шеше алмаймыз. Мыңдаған заң қабылданғанмен, егер біз қазақ ұлты есебінде осылай кіріспесек, ешқандай заң жүзеге аспайды. Біз өзіміз өзгеруіміз керек, қазақ ұлты өзгеруіміз керек. Сондықтан да бүгінгі заңның негізгі бағыты, ең алдымен, қазақ ұлтын мемлекеттік тілді білуін міндеттеу болып отыр.

Үкіметте біздің ғана емес, басқа да елдің сойылын соғып жүрген азаматтардың мемлекеттік тілге қатысты заң жобалары бар. Елбасының қолдауымен арнайы комиссия құрылып, жұмыс жасалып жатыр.

Өзіміз ұсынып отырған заң жобасы бойынша қоғамдық талқылаулар өткіздік. Алғашқыда Астана қаласында ақпарат құралдарын жинап жария еткенбіз. Кейін Алматы мен Астана қалаларында мемлекеттік органдар өкілдерін, заңгерлерді, тілшілерді, саясаткерлерді, тіл жанашырларын, депутаттарды, Қазақстан халықтары Ассамблеясының мүшелерін жинап дөңгелек үстелдер өткіздік. Осы басқосулардың нәтижесінде біздің ұсынған құжат мемлекеттік тілге қатысты басқа заң жобаларына негіз болсын деген шешім қабылданып, бұл шешім тіл мәселесімен айналысып жүрген мемлекеттік органдардың, атап айтқанда, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі жанындағы Тіл комитетінің төрағасының Е.Қажыбектің қолдауын тапты.

Дүние жүзінің жүзден астам елінде мемлекеттік тіл туралы заң бар, жалпы әлемде Мемлекеттік тілдің халықаралық деңгейде қабылданған стандарттары жұмыс істейді. «Мемлекеттік тіл туралы» Заң жобасын әзірлеу кезінде осы стандарттар басшылыққа алынды, ал елімізде қолданыста жүрген «Тіл туралы» Заң бұл стандарттарға сәйкес келмейтіні анықталды. Халықаралық стандарттар бойынша мемлекеттік тілде сөйлемейтін мемлекеттік билік заңсыз билік болып саналады. Олай болса, біздің мемлекетіміздегі билік тармақтарының заңға сәйкестігіне күмәнмен қарауға болады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл туралы заң жобасын дайындағанда, басқа мемлекеттердің осы мәселеге арналған заңдарымен танысып, оларды бір-бірімен салыстырып, олардың ұтымды жерлерін алуға, кемшіліктерін қайталамауға тырыстық.

Ұсынып отырған Мемлекеттік тіл туралы заң жобасы Үкімет мүшелері, Парламент депутаттары, мемлекеттік қызметшілер, құқық қорғау органдары, байланыс, сот, банк, көлік, сауда, денсаулық, басқа да халыққа қызмет көрсететін барлық мекемелер қызметкерлерінің мемлекеттік тілді білуін міндеттейді. Заң мемлекеттік тілді білуге, бірінші кезекте қазақтарды, екінші кезекте оқып, білім алып жатқан диаспора жастарын, үшінші кезекте қалғандарын міндеттейді.

Мұндай жіктеп қарауымыздың себебі, әр тілдің бірінші ұлтқа қызмет ету, екінші мемлекетке түгел қызмет ету қызметтерінен туындайды. Қазіргі кезде қазақ тілі ұлтқа да, мемлекетке де қызмет жасай алмай тұр. Заң жобасында бірінші рет мемлекеттік тілді білу деген ұғымның анықтамасы беріледі. Ол - мемлекеттік тілді білу, мемлекеттік тілді түсіну, мемлекеттік тілде оқу, мемлекеттік тілде жазу. Мемлекеттік тілдің саяси, құқықтық мәртебесі елдегі басқа тілдермен салыстырғанда өте жоғары болуы тиіс.

Қазіргі күні елімізде қазақтардың демографиялық өсуі байқалып отырғандығын демограф мамандар айтып келеді. Ел халқының жетпіс пайызға жуығын құрайтын ұлтқа сол ұлттың тілінде қызмет көрсетілуі тиіс. Бұл өз кезегінде қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтың кепілі болып табылады.

Заң жобасында мемлекеттік тілді дамыту үшін қаржылық қолдаудың қажеттілігі баса айтылады. Әсіресе, балалар әдебиетін, қазақ тілді баспасөзді, қазақ тілінде шығатын әдебиетке қаржылық қолдау керек.

Тағы бір айта кететін мәселе Тіл туралы заңда мемлекеттік тілдің мемлекет тарапынан қорғалуы мен дамытуы жөнінде нақты заңдық норма жоқ. Тілді мемлекеттік қорғау деген 23-бабында «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл және басқа барлық тілдер мемлекеттің қорғауында болады» деп қана жазылған. Тіл туралы заңның 4-бабындағы мемлекеттік тіл мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын, мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу





және іс қағаздарын жүргізу тілі деген құқықтық норма шынына келгенде қағаз жүзінде қалып отыр. Парламенттің саяси сахнаға келгеніне қазір бірнеше жыл болды, бірақ Үкімет осы кезге шейін бірде-бір заңды қазақ тілінде ұсына алған жоқ. Бұл мемлекеттік билік жүйесінде қазақ тілі шын мәнісінде дағдарыста қалды деген сөз.

Еліміздегі тәуелсіздік жағдайы, қоғамды демократияландыру бағытымыз - белгілі бір жағдайда ұлттық санамыздың, ұлттық болмысымыздың ептеп болса да, күшейіп, қарқын алып келе жатқанының дәлелі. Бұл да мемлекеттік тілді қажет етеді. Елбасымыз қазақ тілі басқа халықтарға ұйытқы болу керек, топтастырушылық рөл атқару керектігін баса көрсетті. Олай болса қазақ ұлты басқа халықтарды рухани дүниесімен, тілімен, парасатты, пәрменді тілімен, мемлекеттік тілімен ұйымдастыруы керек. Біз заң жобасында мемлекеттік тілдің қолданыс аясын барынша ойластыруға, мектепке дейінгі балалар мекемелерінен бастап, билік орындарына дейін түгел қамтуға тырыстық.

Тағы бір ерекшелік – заңның жалпы құрылымында. Тіл туралы заң мен жаңа заң жобасын салыстыра келе айтарлықтай айырмашылықтар бар екенін анық байқауға болады. Жобада қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі құқықтық мәртебесі көрсетілген, сондай-ақ мемлекеттік тіл міндетті түрде қолданылуы тиіс қоғамдық салаларды барынша қамтылған. Мемлекеттік органдардың мемлекеттік тілді меңгеру үшін жағдайлар жасау жауапкершілігіне қатысты, мемлекеттік тілді құқықтық қорғау және қолдау мәселесіне арнайы бап жасалды. Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік мәселесі де жан-жақты қарастырылды. Сондай-ақ, осы заң жобасы қабылдана қоятын болса, мемлекеттік тілге қатысы бар кейбір заңдарды осы заңмен сәйкестендіру мәселесі де назардан тыс қалмады.

Қолданыстағы Тіл туралы заңның 2-3-4-тарауларындағы 27 заңдық норманың 21-інде «мемлекеттік тілде және орыс тілінде» деген сөз тіркестерімен қатар «қажет болған жағдайда басқа тілдерде де жүргізіледі» деу, тәжірибе де осы қос заңның «Тілді құқықтық қорғау» деген 23-бабындағы «мемлекеттік тілді белгілі бір көлемде және біліктілік талаптарына сәйкес білу қажет кәсіптердің, мамандықтардың, лауазымдардың тізбесі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді» деген аса бір маңызды қағиданың орындалуын жүзеге асыру бір министрліктен бір министрлікке ауыстырып жүргенде, ұмытылып кетті. Біздің ұсынып отырған заң жобасында осы айтылған кемшіліктер барынша қамтылды.

Қазақ тілі – қазақ мемлекетін құраушы ұлттың тілі. Осы жылы университетімізде өткен кездесулердің бірінде аты дүние жүзіне белгілі тілші, филология ғылымдарының докторы, профессор, Ресей Ғылым академиясының мүшесі В.М.Лейчикке біздің заңымызда ресми тіл, мемлекеттік тіл деген ұғымдар бар, осы атаулар туралы не айтасыз деген сұрақ қойылды. Оның айтуынша, бұлар әр басқа ұғымдар. Ресейде мемлекеттік тіл – сол мемлекетті құраушы ұлттың тілі. Мемлекеттік тілдің иесі сол мемлекетті құраушы ұлт болып табылады. Бұрынғы Кеңестер одағының орнында құрылған мемлекеттерде ұлттық сананың, ұлттық танымның қайта өрлеуінің басталуы заңды құбылыс. Бұл құбылыс біздің ұлтымызға да тән, сондықтан мемлекет дамуында қазақ ұлтының өзін-өзі іздеуге деген ұмтылысы ескерілуі қажет.

Елбасы биылғы халыққа жолдауында бүкіл қоғамымызлы топтастырып отырған

мемлекеттік тіл ретіндегі қазақ тілін оқыту сапасын арттыру қажеттігіне ерекше назар аударғым келеді деген. Олай болса, қоғамды топтастырушы тілдің иесі - қазақ ұлтының болашағы, ұлт болып қалуы кез келген ұлттың басты белгісі болып саналатын ұлттық тілінің болашағымен тығыз байланысты болмақ. Сондықтан да «Мемлекеттік тіл» туралы жаңа заңның қабылдануы ешбір уақыт күттірмейтін қажеттілік, ал біздер ұсынып отырған заң жобасы үкімет басшылығынан қолдау тапқан жағдайда аталған мәселені шешуге толық мүмкіншілік береді деп ойлаймыз.

\* \* \*

### Резюме

В статье обосновывается необходимость принятия законопроекта «О государственном языке Республики Казахстан». Автор подробно описывает несовершенство действующего законодательства о языках. Рассматриваются отличительные признаки данного законопроекта от действующего законодательства. Автор указывает на то, что принятие законопроекта «О государственном языке Республики Казахстан» даст новый импульс для развития и укрепления казахского языка в стране.

### Summary

Need of taking a bill "is motivated In the article On state language of the Republic Kazakhstan". The Author details an imperfection of acting legislation on languages. Considered distinguishers of given bill from act legislation. The Author points to that taking a bill "On state language of the Republic Kazakhstan" will give a new pulse for the development and fortification of kazakh language in the country.

